

УДК: 37.032

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Кагазбаев Ж.¹, Кылышова А.Б.¹

Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

zhan_1952@mail.ru, alua_12_98@mail.ru

В статье рассматривается проблема формирования и развития профессионально-значимые компетенций у будущих преподавателей иностранных языков. Важно оценивать уровень и качество сформированности названных компетенций у студентов перед выходом на педагогическую практику, во время педагогической практики и в дальнейшей профессиональной деятельности выпускника высшего учебного заведения. Авторы предлагают в статье ряд технологий, оценивающих качество уже сформированных компетенций. Также в статье раскрывается методологическая основа и дается определение профессиональной компетентности как целостной системы общепрофессиональных и предметных компетенций. Обосновывается суть профессиональной компетенций, отражающих конкретные и относительно самостоятельные области деятельности учителя иностранного языка.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, формирование личности, компетенция, профессиональные компетенции, технологии измерения и оценки профессиональных компетенций, профессиональная подготовка учителей иностранных языков, технологии измерения и оценки профессиональных компетенций.

DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF AN INCOMING FL TEACHER WITHIN FOREIGN LANGUAGE EDUCATIONAL FRAMEWORK

Кагазбаев Ж.¹, Кылышова А.Б.¹

Karaganda state university after named E.A. Buketov

zhan_1952@mail.ru, alua_12_98@mail.ru

The article brings the problem of moulding students' professional competencies as incoming teaches of foreign languages. The article focuses on forming foreign language teachers' communicative competencies. It is important to assess the level of formation of competencies before going to teaching practice. The authors of the article recommends assessment technologies to be used in defining the quality of competencies in teaching-learning process. The article reveals the methodological basis and gives the definition of professional competence as an integral system of general professional and subject competencies. The essence of professional competencies reflecting specific and relatively independent fields of activity of a foreign language teacher is substantiated.

Key words: updated contents of education, personality formation, competence, professional competences, technologies of professional competences measurement and assessment, professional training of foreign language teachers, measurement and assessment of how well competences are shaped in terms of level and quality.

Кіріспе. Кіріспе. Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман даярлауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың артуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі жоғары мамандарды қажет етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсеткен болатын. Бұл міндетті орындауда білім беру жүйесіндегі құзыреттер мен құзыреттіліктерді толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен

ойлайтын, өз әлеуетін көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жетілдіруге құштар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа білім парадигмасын жүзеге асырудың орасан зор маңызы бар. Осы тұста мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзыретінің маңызы зор. Ең алдымен «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының бірдей емес екендігін нақтылау қажет. Сонымен, құзырет дегеніміз - адамның кәсіби қызметке даярлығы, ал құзыреттілік құзыреттерден құралып когнитивтік, практикалық және жеке бас тәжірибесінің, дүниетаным, әрекет амалдарының синтезі ретінде қарастырылады. И. А. Зимняя кәсіби құзыретті "білімге, интеллектуалдық және жеке тұлғаның әлеуметтік-кәсіби өміріне негізделген" деген анықтама береді [1].

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдістері: теориялық деңгейде – анализ және синтез, салыстыру, модельдеу, экстрополяция. Эмпирикалық деңгейде – ғылыми-әдістемелік әдебиетті талдауы, ғылыми бақылау, оқыту тәжірибесін қорытындылау, әңгіме-сұхбат, сауалнама, жұмыстың нәтижесін статистикалық негізде талдау, алынған нәтижелерді статистикалық – математикалық өңдеу. Зерттеу көздері философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық әдебиеттер; Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары алынды.

Негізгі бөлім. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреті ауызша және жазбаша коммуникацияны меңгеруі мен әлеуметтік өміріне қажетті қабілеттерді игеруінен көрінеді. Тілдік бірліктерді дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдана білуі және жеке тұлға ретінде кез келген жағдаятта ойын еркін, жүйелі жеткізуінен байқалады. Ал маманның кәсіби құзыреті дегеніміз – ол әр түрлі кәсіби бірлестіктерде бейімделуі, өнімді қызмет етуге педагогикалық мәдениетті меңгеруі, сала аралық білім іскерліктері мен қабілеттері.

Барлық құзыреттердің ішінде әдістемелік білікке ерекше көңіл бөлінген. А.А. Люботинский мұны «шет тілді тұлға аралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға және студенттерге пәндік, мета-пәндік, жеке нәтижелерге қол жеткізуге, сондай-ақ өзіндік оқытушылық қызметі туралы рефлексияға бағытталған оқу үдерісін жобалау мен жүзеге асыру даярлығы мен қабілеті» деп түсінеді. Әдістемелік құзырет құрылымында автор келесі құрамбөліктерді анықтайды: 1) танымдық-аналитикалық құзырет; 2) түзету-гностикалық құзырет; 3) коммуникативтік және ұйымдастырушылық құзырет; 4) жобалау-болжамдық құзырет; 5) шығармашылық құзырет; 6) түзету және ұйымдастырушылық құзырет; 7) ақпараттық-техникалық құзырет; 8) рефлексивті-гностикалық құзырет [2].

Құзыреттер осы бағыт пен бейін бойынша оқу бағдарламасына енгізілген пәндер кешені аясында қалыптасады. Оқушылардың практикалық және өзіндік жұмыстары олардың қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Бүгінгі таңда бағдарлы пәндер туралы теориялық білім ғана алып қоймай, оны қолдана білу, іс-әрекетке жарату да маңызды. Бакалаврларды даярлау әрекеттілік идеяларына негізделіп, тәжірибеге бейімділік сипатымен айқындалады. Коммуникативтік негізде лингвистикалық және сөз құралдарын меңгеру ерекшеліктерін де назарда ұстау қажет.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреті ЖОО-ның дәрісханаларында, мектепте педагогикалық практика кезінде, модель бола алатын педагогикалық жағдаяттарда айқындалады және тексеріледі. Жас мұғалімдердің кәсіби маңызды құзыреттерін бағалау белгілі қағидаттарға негізделген. Олар:

1. Оқыту мен бақылау іс-әрекеті арасындағы байланыс қағидаты (бақылау нысаны – білім кешені және құзыреттер жүйесі).
2. Орта мектеп қызметкерінің қалыптасқан құзыреттер деңгейіне объективті баға беру. Студенттерге қажет құзыреттердің орта мектеп мұғалімдердің бойында қалыптасқан құзыреттермен салыстырып объективті бағалау.
3. Құзыреттерді бақылаудың шынайылығы, сараптау деңгейі.
4. Құзыреттің қалыптасу деңгейін бағалаудағы жүйелілік және бақылаудың толықтығы. Оларсыз шетел тілін оқыту жұмысын жүргізу мүмкін емес.

5. Бақылау жүргізудегі жариялылық және құзыретті бағалау, дамытылған бақылау құралдарының ұтымдылығы мен тиімділігі.

6. Бағалау технологияларының кең ауқымын пайдалану; олардың кең спектрін қолдану. Құзыреттің қалыптасу деңгейін бағалаудың әдістері мен формалары бакалавр даярлаудың белгілі бір кезеңінде нақты мақсаттарға байланысты өзгереді.

«Педагогикалық білім» бағыты бойынша кәсіби дайындықтың негізі болып табылатын «Шетілдік білім беру әдістемесі» пәніне қатысты, «Шетел тілі» профилі бойынша кәсіби маңызды құзыреттердің қалыптасу деңгейін үнемі бақылауда ұстау қажет. Бұл үш бағытта іске асырылады: 1) мектепке педагогикалық практикаға барар алдында; 2) педагогикалық практика кезінде; 3) университет түлегінің одан әрі кәсіби қызметінде.

Кәсіби маңызды құзыреттердің қалыптасу жағдайын бағалау практикаға кіріспес бұрын жүзеге асырылады. Бұл жағдайда бақылау нысаны психологиялық-әдістемелік білім және кәсіби-әдістемелік құзыреттің жеке құрамбөліктері болып табылады.

Арнайы білімді кәсіби құзыреттің құрамбөліктері ретінде бағалауға келер болсақ, бақылау нысанына төмендегі қабілеттер жатады: а) әдістеме бойынша теориялық материалды меңгеру; ә) «Шетел тілі» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы нормативтік құжаттарды білу; б) жалпы сабақтың теориясын және шетел тілі сабағының ерекшеліктері туралы хабардар болу; в) шет тіліндегі сабақтың типтері мен түрлерін, олардың жалпы педагогикалық жіктеулерден айырмашылығын білу; г) мақсатты тілде сабақ жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы тілдік сөз материалын игеру; ғ) оқу материалдарының құрамбөліктерін білу (оқулық, мұғалім кітабы, көркем әдебиет шығармалары, жұмыс дәптері, қол жетімді аудио-бейне ресурстар және т.б.).

Педагогикалық практикаға шығар алдында студенттің сабақты жобалау (жоспарлау) қабілеті тексеріледі және бағаланады [3]. Құзыреттің аталған түрі мұғалімнің әдістемелік құзыретінің барлық түрлерін қалыптастыруда маңызды. Кәсіби құзырет құрылымындағы қарастырылатын қарым-қабілеті - шетел тілі оқытушысының педагогикалық және оқыту қызметінің негізі. Ол бакалаврды даярлауда екінші кезеңінің мазмұнын құрайды. ЖОО түлегі теориялық және практикалық сабақтар барысында алған білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін көрсете білуі тиіс:

1. Сабақ жүйесіндегі әр сабақтың рөлі мен орнын анықтау. Ол – кез келген сабақ тізбегіндегі бір буын. Бұл сөз дағдылары мен біліктерінің ерекшелігіне байланысты. Дағдыларды қалыптастыру үдерісі алғашқы кезеңнен басталып шексіз жалғасады және үздіксіз жүргізіледі. Олай болмаған жағдайда дағдылар мен қабілеттерді меңгеру деңгейі күрт төмендейді.

2. Берілген мақсатқа жетуге ықпал ететін сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау; әр жеке сабақтың мақсатын оқулықтың лексикалық тақырып шеңберінде басқа сабақтардың бағыт-бағдар, міндеттерімен байланыстыра білу.

3. Сабақта меңгеру нысандарын анықтау, оқу материалын меңгеруде әдістемелік қиындықтарды атап көрсету, оларды еңсерудің жолдары мен тәсілдерін айқындау.

4. Шетел тілі сабағын сауатты жоспарлау: а) сабақ кезеңдерінің саны мен құрылымын дұрыс анықтау; ә) олардың арасында өзара байланыс орнату; б) сабақтың жалпы мақсатына жету үшін әр кезеңнің міндеттерін анықтау; в) сабақта жұмыс режимін жобалау; г) сабақтың әр кезеңінде жұмыс уақытын белгілеу.

5. Алға қойған мақсатқа жету үшін қолданылатын оқу құралдарын анықтау (көрнекіліктер, мультимедиялық оқыту құралдары).

6. Оқушылардың сөз әрекетін бағалау тетіктерін анықтау, олардың білімді меңгеру деңгейін, шетел тілдерін мектепте оқыту бағдарламасында бекітілген құзырет деңгейіне оқушылардың білімі қаншалықты сай екенін айқындау.

Шетел тілі мұғалімі қызметіндегі маңызды құрамбөлік оның сабақта нақты жағдайда белгіленген жоспарды іске асыру қабілеті болып табылады; онда болашақ мұғалімнің кәсіби және әдістемелік құзыретінің лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық және әдіснамалық деңгейлері мен сапалары көрініс табады.

Кәсіби қызметтегі келесі құрамбөлік – жас мұғалімнің сабақта өзіндік оқыту іс-әрекетіне рефлексия жасау қабілеті. Рефлексиялық іс-әрекет сыни ойлаудың элементі ретінде мұғалімнің өзін-өзі тануына, жағымды жақтары мен кемшіліктерін анықтауға, айтылған кемшіліктерді еңсеруге ықпал етеді.

Практикада шетел тілі мұғалімінің қызметіндегі педагогикалық құрамбөліктің де маңызы зор. Болашақ мұғалімнің құзіретінде бұл құрамбөлік сабақ өткізу тиімділігімен, оқушылардың іс-әрекетіне мұғалімнің жедел іс-қимылы; оқу материалының күрделілігіне байланысты сабақ барысында түзету мүмкіндігі; сабақ барысында тез шешім қабылдау қабілетімен байланысты.

Құзыреттерді бағалау теориялық жағынан да, практикалық жағынан да қиындық туғызады. Негізгі қиындық - құзыреттіліктің тек студенттердің іс-әрекетінде қалыптасып, көрінетіндігімен байланысты. Студенттерді теориялық даярлауда және орта мектеп жағдайындағы практикалық іс-әрекет барысында құзыреттерді немесе олардың жеке кәсіби құрамбөліктерін бағалау үшін әртүрлі технологияларды қолдануға болады. Құзыреттің сапасын және олардың қалыптасу деңгейін айқындау үшін бірқатар бағалау технологияларын ұсынуға болады [4].

Мамандық бойынша шетел тілінде сабақ өткізуге байланысты стратегиялық, тактикалық және жедел тапсырмаларды орындау технологиясына назар аударайық. Бұл технологияны іске асыру үшін сабақты ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырмаларды орындап, арнайы тұжырымдалған стратегиялар мен оқыту тактикасын таңдаумен байланысты шешіледі. Олардың толық көлемін бағалау шкаласы анықталған. Нәтижелер ұпай бойынша бағаланады. Жалпы ұпай сабақты жоспарлауға және өткізуге байланысты кәсіби құзыреттің төмен, қанағаттанарлық, орташа, жоғары сияқты қалыптасу деңгейін көрсетеді.

Жас маманның қызметін бағалаудың тестілік технологиясының да өзіндік тиімділігі бар. Сараптамалық топ сабақты жоспарлаумен және жүргізумен байланысты тест тапсырмаларын құрастырады. Әр сұраққа үш жауап беріледі. Орындалған тапсырма ұпаймен бағаланады. Әзірленген ұпай шкаласы студенттің әдістемелік білім сапасын, олардың орындалу реттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Студент өткізетін сабаққа сарапшылар тобының (тәлімгерлердің) талдау технологиясы да өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Сарапшылар бақылау объектілерін алдын-ала анықтап, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттерін бағалау өлшемдерін анықтайды. Алдын-ала жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша жас маманның педагогикалық іс-әрекетін бақылау сызбасы құрылып, байқау нысандары анықталады, педагогикалық әрекеттерді орындау сапасын бағалау шкаласы жасалады, солар арқылы психологиялық, педагогикалық және әдістемелік құзыреттер қалыптасады. Сабақ барысында сарапшылар (тьюторлар) оқушы мен студенттердің іс-әрекетін қағаз бетіне түсіреді. Сабақтан кейін бірлесе отырып студент пен оқушының белсенділігі талданады. Студентке сабақ бойынша нақты сұрақтар қоюға болады. Оның жауабы ескеріліп, қосымша ұпаймен бағаланады. Сабақты талқылау нәтижелері бойынша жалпы ұпай анықталады және ол барлық кәсіби маңызды құзыреттердің қалыптасу сапасын бағалау шкаласымен салыстырылады.

Нәтижесі. Шеттілдік білім беру аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыретін анықтау мәселесін теориялық тұрғыда негіздеп қана қою біздің көзқарасымызша жеткіліксіз. Шетел тілдері мұғалімдердің құзыретін анықтау эксперимент жүргізу және нәтижесін қортындылау барысында көз жеткізуге болады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыретін анықтау теориялық тұрғыда зерттеу тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге жағдай туғызды. Сөйтіп, тәжірибелік – педагогикалық жұмыс бойынша 2019-2020 оқу жылдары «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» 50 студент қамтылды.

Жоғары оқу орнының студенттеріне зерттеу жүргізер алдында біз негізінен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын педагогикалық шарттардың тиімділігін тексеруді мақсат еттік. Осы мақсатқа сәйкес студенттерден сауалнама алдық.

Мақсаты: Шетгiлдiк бiлiм беру аясында болашақ шетел тiлi мұғалiмдерiнiң кәсiби кұзыретiн бағалау.

Орындау ережесi: берiлген сұрақтардың бiр немесе бiрнеше жауаптарын таңдауға болады .

Жалпы сауалнамаға 50 студент қатысты. Зерттеу жұмысымда 20 жастан басталып 23 жас аралығындағы студенттер қатысты.


Бiрiншi сұраққа, яғни «Шетел тiлi: екi шетел тiлi» мамандығын таңдауға қандай факторлар әсер еттi деген сұраққа 43% студенттердiң бұл мамандықты өз жүрек қалауымен таңдаған. 20% бiлiм алушылар мамандық таңдауда ата-ананың ақыл кеңесiн тыңдаған. Студенттердiң 6%-ы туыстардың ақыл кеңесiне жүгiнген. 14% респонденттер бұл мамандықты кездейсоқ таңдаған. Осы сұрақтың iшiнен екi жауап таңдаған студенттер 14%. Олардың жауаптары бойынша бұл мамандықты бiлiм беру грантының болуына байланысты, ата-ананың, мұғалiмдердiң ақыл кеңесi бойынша және өз жүрек қалауымен таңдаған. 3% «Ә», «Г», «Д» жауабын таңдады. Олар бұл мамандықты ата-ана мен мұғалiмдердiң кеңесi және өз еркiмен таңдаған.

1 голограмма.1 сұрақ бойынша қорытынды




Кезектi екiншi сұрақта, яғни оқу бiтiргеннен кейiн өз мамандығыңыз бойынша оқу орындарында қызмет етесiз бе деген сұраққа 57% студент оқу бiтiрген соң өз мамандықтары бойынша қызмет ететiнiн жазған. 9% бiлiм алушылар өз мамандықтары бойынша жұмыс iстемейтiндiктерiн көрсеткен. Ал 34% студент нақты айта алмаймын деген жауапты белгiледi.

2 голограмма. 2 сұрақ бойынша қорытынды



Сауалнаманың үшiншi сұрағында, яғни университетте ұсынылған бiлiм беру бағдарламасы (мiндеттi және таңдау компонентi) қанағаттандыра ма деген сұраққа студенттердiң 23%-ы бiлiм беру бағдарламасы қанағаттандырады деп жауап бердi. 28 % респонденттер университеттегi бiлiм беру бағдарламасы қанағаттандырмайды деп көрсеттi. 40% бiлiм алушылар нақты жауап бере алмаймыз деп жауап қайтарды. Ал студенттердiң 6%-ы жоғары оқу орнындағы бiлiм беру бағдарламасы толық қанағаттандырмайтындығын жазған. Қалған 3%-ы нақты айта алмаймын деген жауапты таңдаған және бiлiм беру бағдарламасына қазақ тiлiнде өтетiн пәндерден гөрi ағылшын тiлiнде өтетiн пәндердi көбiрек енгiзу керектiгiн атап өткен.

3 голограмма. 3 сұрақ бойынша қорытынды



Кезекті төртінші сұрақта, оқу бағдарламасындағы пәндер кешеніне қандай пәндерді енгізу қажет деп санайсыз? Осы сұраққа 34% студенттер ешқандай пән енгізу қажет емес деп жауап берді. 11% білім алушылар ағылшын тілінде тренингтер мен Speaking Club көбірек болса деп өз ойларын білдірді. Ал 9% студенттер қытай тілі мен француз тілі сабақтарын көбірек енгізу керек деп жауап берді. Студенттердің 28%-ы ағылшын тілі пәнін көбірек енгізу керек деп жауап берді. 9% білім алушылар ағылшын тілін фильм және әр арқылы оқыту сабақтарын енгізу қажет деп санайды. Қалған 9% студенттер актерлік шеберлік пен педагогтың студенттермен қарым-қатынас жасау мәдениеті сияқты пәндер енгізу керек деп есептейді.


4 голограмма. 4 сұрақ бойынша қорытындысы



Кезекті бесінші болашақ шетел тілі мұғалімі ретінде өзіңіздің кәсіби құзыретіңіздің (қабілет) деңгейіне қандай баға бересіз деген сұрақта 11% студенттер өздерінің кәсіби құзыретінің деңгейіне жоғары деп баға берді. Білім алушылардың 26%-ы кәсіби құзыретінің деңгейі ортадан жоғары деп көрсетті. 57% студенттер орташа деп баға берді. Респонденттердің 3%-ы өздерінің кәсіби құзыретінің деңгейін төмен деп бағалады. Ал қалған 3% студенттер бұл сұраққа жауап беруге қиналатындығын жазды.

Алтыншы сабақ жоспарын заманауи талапқа сай құру тәжірибеңіз бар ма деген сұраққа 37% студенттердің сабақ жоспарын заманауи талапқа сай құру тәжірибесі бар. 51% респонденттер аздаған тәжірибесі бар екенін айтты. Білім алушылардың 9%-ы тәжірибелерінің жоқ екенін айтты. Ал 3%-ы нақты айта алмаймын деп жауап берді.

6 голограмма. бсұрақ бойынша қорытынды



Жетінші өзіңіздің жеке тәжірибеңіздің негізінде сабақты ұйымдастыра білу деңгейіңізді қалай бағалар едіңіз деген сұраққа студенттердің 14%-ы жоғары деп деп жауап берді. 37%


респонденттер ортадан жоғары деп баға берді. Ал қалған 49% білім алушылар орташа деп көрсетті.

7 голограмма. 7-сұрақ бойынша қорытынды




Келесі оқушылардың білім жетістігін заманауи бағалау критерийлері туралы хабарыңыз бар ма деген сұраққа студенттердің 71%-ы хабары бар екенін көрсеткен. 3% респонденттер бағалау критерийлері туралы хабары жоқ екенін жазған. Ал 23% білім алушылар аздаған хабары бар екенін көрсеткен. Қалған 3% студенттер нақты айта алмаймын деп жауап берген.

8 голограмма. 8 -сұрақ бойынша қорытынды




Келесі өз мамандығыңыз бойынша алған теориялық білім деңгейіңізді қалай бағалайсыз деген сұраққа студенттердің 9%-ы (3 адам) өздерінің теориялық білімін жоғары деп бағалаған. 25% білім алушылар ортадан жоғары деп бағалаған. Ал 60%-ы теориялық білімдеріне орташа деп баға берген. Қалған 6% респонденттер төмен деп бағалаған.

9 голограмма. 9-сұрақ бойынша қорытынды



Кезекті білім беру бағдарламасындағы (оқу жоспарындағы) қандай пәндердің қажеті шамалы деп санайсыз деген сұраққа 51% студенттер философия деп жазған. Ал 43%-ы экономика деп көрсеткен. Қалған 6% білім алушылар саясаттану деп жауап берген.

10 голограмма. 10-сұрақ бойынша қорытынды



Келесі жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы туралы хабарыңыз бар ма деген сұраққа 54% студенттер жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасынан хабардармын деп жауап берді. Респонденттердің 14%-ы бұл жөнінде хабардар емес екенін көрсетті. Ал 29%


білім алушылар аздаған хабары бар екенін жазды. Қалған 3%-ы нақты айта алмайтынын көрсетті.

11 голограмма. 11-сұрақ бойынша қорытынды



Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалімдердің білім, біліктеріне қандай талаптар қойылады деген сұраққа студенттердің 48%-ы сын тұрғысынан ойлау деп жауап берді. 20% білім алушылар ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеру деп көрсетті. Ал 23% респонденттер бесекеге қабілетті болу деп жауап қайтарды. Қалған 9%-ы функционалды сауатты болу деп көрсетті.

12 голограмма. 12-сұрақ бойынша қорытынды



Келесі болашақ шетел тілі мұғалімінің бойында қандай кәсіби қасиеттер болуы қажет деп санайсыз деген сұраққа студенттердің 88%-ы адамгершілік, балаға деген сүйіспеншілік және әділеттілік сияқты қасиеттер болуы керек деп атап өтті. Ал 3% респонденттер ізгілік деп жауап берді. қалған 9% білім алушылар өз ісіне жауапты болу деп көрсетті.


13 голограмма. 13-сұрақ бойынша қорытынды



Келесі мұғалімге қандай кәсіби қасиеттер қажет деген сұраққа 25% студенттер ойынша мұғалімге өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу кәсіби қасиеттері қажет деп санайды. 22% білім алушы өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу мен оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап қадірлей білу жауабын таңдады. Осы сұрақтың ішінен үш жауап таңдаған респонденттер 15%. Олардың көзқарастары бойынша мұғалімге қажет кәсіби қасиеттер ол: өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу ; оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап қадірлей білу және де мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары болуы деп белгіледі. бес жауаптың ішінен 4 жауапты таңдаған білім алушылар да бар. Олардың 13%-ы мұғалімнің бойында мынандай кәсіби қасиеттер болу қажет деп санайды: өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу мен оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап қадірлей білу; мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары болуы және де оқу-тәрбие үрдісінде барлық субъектілермен табысты қарым-қатынас орната білуі деп санайды. Студенттердің қалған 25%-ы бес жауаптың ішінде барлығын таңдаған. Олардың пікірінше болашақ мұғалімнің кәсіби қасиеттері ол: өз пәнін жетік меңгеру

және сапалы оқыта білу мен оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап қадірлей білу; мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары болуы және де оқу-тәрбие үрдісінде барлық субъектілермен табысты қарым-қатынас орната білуі; кәсіби міндеттерді, проблемаларды, дау-дамайды шеше білу қабілетінде деп санайды.

14 голограмма. 14-сұрақ бойынша қорытынды



Мектепте педагогикалық практикадан өтуге байланысты өзіңіздің теориялық және практикалық даярлығыңызды қандай деңгейде деп айта аласыз деген сұраққа студенттердің 51%-ы ортадан жоғары деп жауап берді. 4% білім алушылар төмен деп көрсетті. Ал 15% білім алушылар жоғары деп жауап берді. Студенттердің 20%-ы орташа деп жауап қайтарды. Қалған 10% респонденттер нақты айта алмаймын деп жауап берді.

15 голограмма. 15-сұрақ бойынша қорытынды



Осы сауалнаманың көмегімен біз студенттердің кәсіби құзыретінің деңгейін және білім алушының педагогикалық практикаға даярлығының деңгейін анықтадық. Зерттеу нәтижесінде студенттердің кәсіби құзыретінің деңгейі орташа екенін көруге болады. Сонымен қатар білім алушылардың 51%-ы өздерінің педагогикалық практикаға даярлығын ортадан жоғары деп бағалады. Бұл жақсы көрсеткіш. Сондай-ақ біз болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби және тұлғалық қасиеттерін анықтадық. Яғни, болашақ шетел тілі мұғалімінің портретін құрдық. Сонымен ХХІ ғасырдың кәсіби құзыретті мұғалім ол өз пәнін жетік меңгерген және сапалы оқыта білетін педагог. Мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары, кәсіби міндеттерді, проблемаларды, дау-дамайды шеше білу қабілеті бар мұғалім. Белгілі бір жетістіктерге жетуде өз мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланып, «Мен» концепциясын үнемі дамытады. Ұстаздың бойында үнемі алға ұмтылу, мақсаттылық, белсенділік таныту, қайсарлық таныту өз іс-әрекетінерефлексивті қасиеттері дамыған. Адами-өнегелік, ізгілікке толы қасиеттерді мақтан тұтатын тұлға. Педагогикалық деңгейі жоғары, білімді, шығармашыл тұлға.

Қорытынды. Ой түйінін айтқанда шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыретін дамыту барысында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген және қызметінің сабақтас салаларында бейімділік танытатын, үнемі кәсіби тұрғыдан өсуге, әлеуметтік кәсіби бейімділікке ұмтылысы бар білікті маман даярланады. Кәсіби құзыреттердің қалыптасуы мен жұмыс істеуінің сапасына әділ баға беру үшін жоғарыда сипатталған технологияларды қолданған ұтымды. Бұл оқыту технологиялары мұғалімде қалыптасқан кәсіби құзыреттердің құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық маңызды дағдылар мен

кабілеттердің сапалық деңгейін, педагогика саласы бойынша білім тереңдігін, өзін маман ретінде бағалай білу және болашақта осы салада жұмыс істеуге даярлығын бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Общая культура и социально-профессиональная компетентность человека // Интернет-журнал «Эйдос». 2006. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0504.htm>
2. Люботинский А.А. Формирование методической компетенции у будущих учителей иностранного языка в условиях инновационной образовательной среды: автореф, дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 2014.
3. Ефремова Н.Ф. Подходы к оцениванию компетентностей в высшем образовании: Учебное пособие, - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2010.
4. Шамов А.Н. Профессиональные компетенции будущих учителей иностранного языка и технологии их измерения и оценивания // Иностр. языки в школе. – 2017. – № 5. – С. 2-10.
5. Ефремова Н.Ф. Компетенции в образовании: формирование и оценивание. – М.: Национальное образование, 2012.